*As a result of the study, the authors put forward a hypothesis about the need to consolidate the joint responsibility of a medical worker and a medical institution, which will ensure the mutual interest of all subjects of the healthcare system in providing quality services to the population.*

**Key words:** *medical workers, medical institution, patient, insurance, professional liability insurance of medical workers, professional liability, compensation, quality of medical services.*

DOI: 10.52026/2788-5291\_2023\_73\_2\_53

### Кіріспе

Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесін елімізде кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда. Бұл туралы Мәжіліс отырысында

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын таныстыра оты-

рып хабарлады.

Министрдің айтуынша заң жобасын әзірлеу үшін 2018-2020 жылдары жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен және қаралған өтініштерге (барлығы 14 123 өтініш), сондай-ақ 2017-2020 жылдары медицина қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істерге талдау жүргізілген.

Жыл сайын медицина қызметкерлеріне қатысты кәсіби міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 317-бабы бойынша 300-ге жуық іс ашылады. Зардап шеккендердің пайдасына моральдық және материалдық залал өтемақысының жалпы мөлшері 40 млн теңгеден асқан. Сақтандыру төлемдері сақтандыру полисі болған кезде сот шешімі бойынша жүзеге асырылады және қылмыстық жауаптылық танылған жағдайда төленбейді<sup>2</sup>.

Жоспар бойынша 2023 жылдан бастап сақтандыру жүзеге асырыла бастайды, ал 2025 жылдан бастап толыққанды іске қосылады.

Аталған заң жобасының талқылауға шығарылуы бірнеше жылдар бойы белсенді талқыланып, алайда әртүрлі себептер мен қарсылықтарға байланысты қабылданбай келе жатқан сақтандыру жүйесінің іске қосылуы алдындағы соңғы кезеңі деп бағалауға болады. Сондықтан да аталған бағытты зерттеуге деген қызығушылық жоғарылауда және өзекті болып отыр.

Бұл зерттеудің мақсаты осы енгізіліп жатқан медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің құқықтық негізін қарастыру және осы сақтандыру түрінің шет елдердегі модельдері мен ұлттық заңнамаларына шолу жасау болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасының медицина саласын реттейтін заңнамалық базасы, статистикалық мәліметтер, шет елдердегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды реттейтін ұлттық заңнамалар пайдаланылды.

Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерінің аналитикалық әдісі қолданылды. Салыстырмалы әдіс қолдану арқылы бірнеше мемлекеттердегі медициналық жауапкершілікті сақтандырудың модельдері талданды.

### Талқылау

Жалпы соңғы жылдардағы әлемде тараған пандемия мен елімізде орын алған оқиғалар тізбегі медицина саласындағы біраз мәселелердің бетін ашқаны белгілі. Аталған сала өкілдерінің құқықтық қорғалуы мен әлеуметтік жағдайы қоғамның ерекше назарына ілігіп, мемлекеттік деңгейде де талқылана бастады. Заңнаманы жетілдіру мен қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын көтеруге арналған зерттеулер жарияланып, медициналық жауапкершілікті сақтандыру сұрағы қайтадан күн тәртібіне оралған болатын. Медицина қызметкерлерінің еңбек туралы заңнамасындағы кейбір кемшіліктерін зерттеуге арнаған мақаласында К.Б. Олжабаева да осы сұрақтарды кеңінен қарастырады. Автор өз мақаласында медициналық қызметті реттейтін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстігі бірнеше олқылықтарды анықтаған [1, 141 б.].

Экономикалық дамыған елдерде кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шартын жасасу медициналық қызметтің ажырамас атрибуттарының бірі болып табылады, бұл мәселеде өзара сақтандыру ұйымдары мен мамандандырылған медициналық бірлестіктер белсенді рөл атқарады. Алайда, қаржыландырудың жеткіліксіздігі жағдайында жауапкершілік қаупінің артуына қарамастан, отандық клиникалар өз мүдделерін қорғау үшін сақтандыру құралдарын пайдаланғысы келмейді. Қарсылықтың себебі де түсінікті. Мәселен, медицинадағы абайсызда жіберілген қатенің құны өте жоғары, егер оған жол берілсе медицина қызметкері мен ол жұмыс істейтін ұйым қолданыстағы заңнама шеңберінде әртүрлі жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Ал жаңадан қабылданып жатқан жүйе жауапкершілік құнын аталған тараптар арасында тең бөлуді көздейді.

Сонымен қатар, біздің пікірімізше аталған сақтандыру түріне деген қоғам тарапынан сенімсіздік де байқалады. Бұл әрине қарсылық емес, бірақ қоғам тарапынан жүйенің оң нәтижесіне деген кері пікірлер бар. Мұндай пікірдің болуының бір себебі осыған дейін енгізілген міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің қызметіндегі кемшіліктер болуы мүмкін. Ондай кемшіліктердің бар екендігі туралы және жалпы медициналық қызметтің сапасына байланысты сұрақтардың күрделі екендігін еліміздің

2 «Какую модель страхования ответственности медработников хотят ввести в РК?». «КАПИТАЛ» іскерлік ақпарат орталығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://kapital.kz/gosudarstvo/108936/kakuyu-model-strakhovaniya-otvet-stvennosti-medrabotnikov-khotyat-vvesti-v-rk.html> (жүзінген күні: 20.09.2022).

Президенті Қ.К.Тоқаев та өз жолдауында атап өткен болатын. Мемлекет басшысының пікірінше сақтандыру моделі тұрақсыз, әрі жүйесіз дамуда және бұл үлкен олқылық<sup>3</sup>.

Жоспар бойынша 2023 жылдан бастап Денсаулық сақтау министрлігі сақтандыруды жұмыс берушінің есебінен жүзеге асыруды, ал 2025 жылдан бастап сақтандыру сыйлық ақысының сомасын медициналық ұйым мен медициналық қызметкер арасында бөлуді ұсынады, бұл ортақ кәсіби жауапкершілікке әкеледі. Жүйенің енгізілуі көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, медициналық ұйымдарда жанжалдың төмендеуін қамтамасыз ету үшін тиімді құрал болуы тиіс. Сондай-ақ, медициналық қызметтің сапасына медициналық қызметкермен қатар медициналық мекеме де жауапты болады, яғни сапалы қызмет көрсетуге екі тарап бірдей мүдделі деуге болады.

Кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру жүйесімен 304 мыңнан астам медицина қызметкерін қамту ұсынылады. Бұл тұрғыда жүргізілген есептеулер нәтижесінде 2023 жылы жалпы сомасы 4,6 млрд теңге ескерілмек. Оның 2,7 млрд теңгесі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің есебінен және 1,8 млрд теңгесі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың есебінен болады<sup>4</sup>.

Сақтандыру жүйесін енгізудің бастапқы кезеңінде сақтандыру жағдайы бойынша сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін анықтау ұсынылады: науқастың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және: өлімге – 1000 АЕК; мүгедектікті белгілеу: бірінші топ – 800 АЕК; екінші топ – 600 АЕК; үшінші топ-500 АЕК; «мүгедек бала» - 500 АЕК; мүгедектік белгіленбей мертігу немесе жарақат алу немесе денсаулыққа өзге де зақым келтіру – нақты шығыстар мөлшерінде, науқасты амбулаториялық немесе стационарлық емдеу – 300 АЕК.

Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру жүйесі медицина қызметкерлерін қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Шетелде бұл жүйені көптеген елдерде қолдану міндетті болып табылады, ал ТМД елдерінде бірқатар себептерге байланысты бұл механизм іс жүзінде қолданылмайды.

Кәсіби медициналық жауапкершілікті сақтандыру сияқты өнімді дамыту және енгізу тарихы белгілі бір елдерде қалыптасқан құқықтық жүйемен тығыз байланысты. Медициналық қызмет ең қауіпті болып саналады, ол медициналық қате болған жағдайда науқас өлімінің жоғары ықтималдығынан көрінеді. Батыс елдері 1960 жылдардан бастап науқастарға зиянды өтеу мәселесіне белсенді назар аудара бастады. Дәл осы кезеңде науқастардың дәрігерлер мен медициналық ұйымдарға қойылатын талаптарының саны мен мөлшерінің тұрақты өсу тенденциясы қалыптасты. Бұл халықтың құқықтық санасының өсуіне, заң қызметтері нарығының дамуына байланысты болды [2, 81 б.].

Тағы бір пікір бойынша медициналық жауапкершілікті сақтандыру жүйесінің пайда болуы мен дамуының себебі ретінде медицинаның қарқынды дамуы мен жетістіктерін де атайды, оның ішінде халықтың дәрігерге деген үмітінің шамадан тыс өсуі, сондай-ақ медициналық технологиялардың едәуір күрделенуі де бар [3, 92 б.].

Аталған тенденция мен құқықтық сананың өсуі, медициналық технологиялардың едәуір күрделенуі, заң қызметтері нарығының дамуы қазіргі қазақстандық қоғамда да анық байқалады, тиісінше мемлекет тарапынан осы сақтандыру түрін енгізу қоғамдағы пайда болған жаңа үрдістерге деген реакция деп бағалауға болады.

Қарастырып отырған сақтандыру түрін елімізде енгізуде шетелдік сәтті тәжірибелер зерттелгені анық және қабылдаудағы себептердің бірі де осы елдердегі нәтижелі тәжірибелердің болуы деуге болады. Еліміз үшін қолайлы жүйені таңдау аса қажет және осы тұста өзге тәжірибелерге сүйене отырып шешімге келу маңызды. Олардың кейбіріне тоқталатын болсақ:

Швеция. Сақтандыру жүйесі Швецияда 1975 жылдан бастап науқастардың денсаулығына байланысты жарақаттардың орнын толтыру үшін жұмыс істей бастады. Бұл жүйе бастапқыда ерікті жүйеге негізделгенімен, кейін 1997 жылы науқастарды сақтандыру туралы заңмен ауыстырылып міндетті сақтандыру талабы енгізілді. Науқастарды жарақаттан сақтандыру енгізілген кезде, бұл денсаулық сақтау аймақтары

3 «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы». Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyun-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (жүзінген күні: 22.09.2022).

4 «2023 жылы кәсіптік жауапкершілікті сақтандыруға 300 мың медицина қызметкері қамтылады». «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://www.inform.kz/kz/2023-zhyly-kasiptik-zhauapkershilikti-saktandyruqa-300-myn-medicina-kyzmetkeri-kamtylady\\_a3980530](https://www.inform.kz/kz/2023-zhyly-kasiptik-zhauapkershilikti-saktandyruqa-300-myn-medicina-kyzmetkeri-kamtylady_a3980530) (жүзінген күні: 28.09.2022).

мен сақтандыру компаниялары арасындағы келісімге негізделген жеке ерікті сақтандыру схемасы болды. Өңірлерде өзінің медициналық сараптамасы және шағымдарды қарау жүйесі бар әкімшілік бірлік болды. Мақсат өтемақыға қол жетімділікті жақсарту және операциялық шығындарға оң әсер ету еді. Ресурстарды әкімшілікке, сот шығындарына және сот процестеріне жұмсаудың орнына, ол қаражаттар жарақат алған адамға тікелей бару мүмкіндігіне қол жеткізілді.

Олардың барлығы ортақ сақтандырушы - Landstingens Ömsesidiga Försäkringsbolag (LÖF) компаниясының қызметін пайдаланады. Швециядағы сақтандырудың осы түрі ең жетілдірілген және тиімді жұмыс істейтін болып саналады. Онда әсіресе жағымсыз оқиғалар туралы есеп беру жүйесі жоғары деңгейде [4, 89 б.].

Швед моделі дене жарақаты жағдайында қаржылық өтемақы беруге бағытталған және ол азаптау құқығы, жеке сақтандыру, мемлекеттік сақтандыру, ұжымдық шарттардағы сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі арасындағы өзара тәуелділікпен сипатталады. Өртүрлі сақтандыру тетіктері мен ережелері толық өтемақы қағидасына сәйкес зиянды өтеу үшін үйлестіріледі. Бұл жүйеде сақтандыру маңызды рөл атқарады және швед моделі азаптау құқығының маңыздылығының төмендеуімен сипатталады. Кінәлі адамның кінәсіз сақтандыруға сәйкес өтемақы алу құқығы дәстүрлі азаптау жауапкершілігіне тәуелді емес. Оның орнына өтемақы зиян келтіретін бизнесті жүргізетіндер қаржыландыратын сақтандыру жүйелері арқылы беріледі [5, 74 б.].

Канада. Канадалық денсаулық сақтау жүйесі еуропалықпен салыстырғанда тарихқа бай емес, алайда ол бүгінгі күні әлемдегі ең дамығандардың бірі болып саналады. Бұл жүйенің табысты қалыптасуының маңызды көрсеткіші - халық денсаулығының жақсы көрсеткіштері болып табылады.

Дәрігерлердің көпшілігі жеке тәжірибеге ие және жоғары автономды. Кейбір мамандар ауруханаларда немесе жергілікті сауықтыру орталықтарында келісімшарт негізінде жұмыс істейді. Жеке тәжірибедегі мамандарға мемлекет көрсетілген көмекке байланысты ақы төлейді, мұндай дәрігерлер тікелей провинцияның немесе аумақтың бюджетінен ақы алады. Жеке тәжірибесі жоқ дәрігерлер көрсетілген медициналық қызметтер санына сәйкес белгіленген жалақы алады.

Отбасылық дәрігерге немесе өз таңдауы бойынша клиникаға барған кезде канада-

лықтар елдің әрбір тұрғынында бар медициналық сақтандыру картасын (Health Card) ұсынады.

Канадада дамыған және жақсы ұйымдастырылған көпсалалы және мамандандырылған ауруханалар жүйесі бар. Сонымен қатар, емдеу және профилактикалық мақсатта халықты салауатты өмір салты негіздеріне оқытумен айналысатын медициналық орталықтардың кең желісі құрылған.

Мемлекетте коммерциялық емес қоғамдық ұйымдарды мемлекеттік органдар мен халық арасындағы байланыстың маңызды элементі ретінде пайдаланатын жалпыұлттық медициналық сақтандыру жүйесі құрылған. Бұл тағы бір канадалық ерекшелік, көптеген қоғамдық ұйымдар денсаулық сақтау саясатын жергілікті деңгейде жүзеге асыруға, медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік қолдау жасауға, салауатты өмір салтын насихаттауға және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге белсенді қатыса алады.

Канадада медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру мен қорғауды Канадалық медициналық қорғаныс қауымдастығы жүзеге асырады.

Канадалық медициналық қорғаныс қауымдастығы (СМРА) - мүшелікке негізделген, Канададағы дәрігерлер үшін заңды қорғауды, жауапкершілікті қорғауды қамтамасыз ететін және тәуекелдерді басқару бойынша оқытуды жүргізетін коммерциялық емес ұйым. СМРА сонымен қатар абайсызда клиникалық күтімнен зардап шеккен науқастар мен олардың отбасыларына өтемақы төлеуді жүзеге асырады. Бүгінгі күнде 95% канадалық дәрігерлер аталған қауымдастықтың мүшесі.

СМРА өзін «өзара қорғаныс» құралы ретінде сипаттайтын дәрігерлерге арналған ұйым. Басқаша айтқанда, бұл сақтандыру компаниясы емес. СМРА мен оған мүше дәрігерлер арасында СМРА медициналық қателіктерден зардап шеккендердің шығынын өтеуге кепілдік беретіні туралы келісім жоқ. Дәрігер Канаданың сот жүйесіне келгенде, оның заңды қорғанысын СМРА қаржыландырады, ол өзі қабылдаған істерді тек өзінің қалауы бойынша қабылдайды. СМРА азаматтық сотта медициналық немқұрайлылық үшін сотқа тартылған дәрігерді қорғай алады, сондай-ақ қаржылық алаяқтық (мысалы артық төлемдер), лауазымдық қылмыстар, жыныстық құқық бұзушылықтар, тіпті ұрып-соғу және ауыр қылмыстар үшін қылмыстық сотта айыпталған дәрігерді

құқықтық қорғай алады.

Қауымдастық қызметінің жемісті болуына қарамастан жүйенің сыншылары да аз емес. Олардың пікірлерінше аталған қауымдастық қызметінің келесідей кемшіліктері бар:

- дәрігерлерге көмек қатаң түрде дискрециялық негізде беріледі;

- СМРА кеңесі ешқандай себепсіз көмекті шектеуге, қабылдамауға немесе тоқтатуға құқылы;

- зардап шеккендерге тым ұзақ уақыт өтемақы төленеді;

- медициналық қателік салдарынан жарақат алған науқастарға кепілдендірілген өтемақы мөлшерлері қарастырылмаған [6, 38 б.].

Түркия. Түркияда денсаулық сақтау жүйесі жоғары деңгейде дамыған. Түркия Республикасының Конституциясында әрбір азаматқа әлеуметтік қамсыздандыру құқығы бекітілген, сондықтан кез-келген азамат қажет болған жағдайда медициналық көмек ала алады. Мемлекеттік және жеке ауруханалар мен клиникаларда көрсетілетін қызметтер қолайлы және жалпыға қол жетімді.

Денсаулық сақтау жүйесін дамыту үшін қабылданған бірқатар шаралар Түркияның көрсетілетін медициналық қызметтер деңгейі бойынша әлемдегі жетекші елдердің қатарына кіруіне мүмкіндік берді. Жаңа ауруханалар мен медициналық орталықтардың ашылуына байланысты клиникалық база дамуда, жан басына шаққандағы төсек-орын саны да өсуде. Дәрігерлер санының өсуіне және олардың жоғары дайындық деңгейіне байланысты, пластикалық хирургия, көз және жүрек операциялары сияқты көптеген жаңа медициналық профильдер бойынша елдің мүмкіндіктер деңгейі айтарлықтай өскен.

Соңғы 20 жылдағы жеделдетілген реформалар және 2003 жылы бастау алған «Денсаулық сақтауды қайта құру» бағдарламасының арқасында Түрік Денсаулық сақтау жүйесі қайта құрылды, жалпы медициналық сақтандыру жүйесі енгізілді. Осы өзгерістердің нәтижесінде азаматтардың денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділігі жақсарды, сондай-ақ табысы төмен адамдарды денсаулық сақтаудың жоғары шығындарынан қаржылық қорғау жағдайы жасалынды. 2012 жылдан бастап барлық азаматтар медициналық сақтандырудың жалпы жүйесіне қосылуға міндетті [7, 413 б.].

Барлық тәжірибедегі дәрігерлер мемле-

кеттік немесе жеке денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істейтініне қарамастан, заң бойынша медициналық қателіктер үшін жауапкершілікті сақтандыруға міндетті. Алайда, түрік үкіметі мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істейтін дәрігерлердің барлық сыйақы шығындарының жартысын төлейді. Сақтандыру полисінің нақты құны мамандықтың саласына (мысалы, пластикалық және эстетикалық хирургия, шұғыл медициналық көмек, хирургиялық онкология, кардиохирургия, ми хирургиясы, анестезиолог, гинеколог, неонатолог және т.б.) және кәсіби мәртебесіне (мысалы, жалпы тәжірибелік дәрігер) байланысты. Дәрігерлердің сақтандыру сыйақыларының мөлшері олардың қолайсыз оқиғаларының тарихына және тәжірибе көлеміне байланысты. Максималды қамту шегі - бір миллиард сегіз жүз мың түрік лирасы.

Заңнамада дәрігерлердің медициналық араласуынан зардап шеккендер үшін сақтандыру компаниясы алдындағы кәсіби жауапкершілікті сақтандыру негізінде талап-арыздарды қарастырудың, шығындарды өтеудің екі әдісі қарастырылған. Олардың біріншісі - сақтандыру компаниясына жауапкер ретінде тікелей талап қою арқылы. Екінші әдіс - сотқа жүгіну арқылы. Бұл істерді қарау құзыреттілігі бірінші сатыдағы шаруашылық соттарына тиесілі және осы жағдайда сақтандыру компаниясына барудың қажеті жоқ.

Тағы бір әдіс қосымша әдіс бар, ол - «Сақтандыру туралы» №5684 заңымен құрылған сақтандыру арбитраждық комиссиясына жүгіну. Алайда, арбитражға жүгіну үшін сақтандыру компаниясына жазбаша өтініш жазу қажет және осы өтінішке 15 жұмыс күні ішінде жауап беріледі. Бұл жерде комиссия тек белгіленген шеңберде ғана өтемақы бере алады.

2014 жылдың 28 мамырында қабылданған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» туралы Түркия Республикасының кодексында денсаулық сақтау мәселелеріне де назар аударылып, тұтынушылардың, яғни науқастардың құқықтарын қорғау тәртібі қарастырылды. Кодекс қабылданғаннан кейін тұтынушылардың құқықтарын қорғау соты науқастар мен жеке ауруханада қызмет ететін дәрігер арасындағы өтемақы істеріне байланысты жанжалдарды шешу үшін кодексте анықталған «тұтынушы» және «қызмет көрсетуші» ұғымдарын қолдана бастады. Тиісінше, бұрын Түркияның

кассациялық соты медициналық даулардан туындайтын науқас пен дәрігер арасындағы істерді тұтынушылар сотымен байланысты емес деп келген болса, бүгінгі күні мұндай істер керісінше, тұтынушылар сот ісіне қатысты деп танылуда [8, 10 б.].

Аталған елдердегі тәжірибе көптеген жылдар бойы жүргізілген реформалар мен медицина саласын реттейтін заңнамаларды жетілдірудің, мемлекеттің халық денсаулық сапасын арттыру үшін жүргізген үлкен еңбегінің нәтижесі болып табылады. Әрине, бұл елдердегі тәжірибесіне сүйеніп аталған сақтандыру жүйесін енгізу еліміз үшін қажет деген қорытынды жасауға болады. Алайда, біріншіден бізге қолайлы болатын моделді таңдауымыз қажет, екіншіден заңнамалық қамтамасыз ету мен ұйымдастырушылық сипаттағы өте ауқымды жұмыстар атқарылуы тиіс.

Заң бойынша медициналық қателіктер үшін жауапкершілікті сақтандыруға міндеттілікті енгізген Түркия еліндегі жүйе әзірше бізге қолайлы болуы тиіс. Дәрігерлердің медициналық араласуынан зардап шеккен тұлғалар үшін сақтандыру компаниясы алдындағы кәсіби жауапкершілікті сақтандыру негізінде талап-арыздарды қарастырудың, шығындарды өтеудің әдістері де аталған елдегідей жүзеге асырылуы мүмкін.

Сақтандыру елімізде бастапқы кезде міндетті болуы оның жүйелі түрде енуіне көмегін тигізуі керек. Ал болашақта сақтандыруды ерікті етуге немесе Канадалық нұсқа түріндегі қауымдастықтар арқылы жүзеге асырылуына мүмкіндік беруді қарастыруға да болады. Алайда, ол моделдің мемлекетімізде жұмыс істеуі үшін тәуелсіз институттар арқылы сақтандыруды жүзеге асыру мүмкіндігіне қол жеткізуіміз қажет. Осы тұста әсіресе еліміздегі азаматтық қоғамның негізгі институттарының қатарындағы қауымдастықтардың еріктілігіне, мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін толық қорғай алуына үлкен күмәніміз бар.

Дене жарақаты жағдайында қаржылық өтемақы беруге бағытталған, жеке сақтандыру, мемлекеттік сақтандыру, ұжымдық шарттардағы сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі арасындағы өзара тәуелділікпен сипатталатын швед моделінің кейбір элементтері де бізге қолданылуы мүмкін.

Отандық ғалымдардың пікірінше міндетті кәсіби жауапкершілікті сақтандыруды енгізу әсіресе денсаулық сақтау мамандары үшін маңызды, себебі ол меди-

циналық көмекке келтірілген залал жағдайында зиянды өтеу кепілдігін қамтамасыз етеді, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттырады, жанжал деңгейін төмендетеді, науқасқа келтірілген залал үшін өтемақы кепілдендірілген болады және құқықтық қақтығысты шешудің нақты механизмі бекітіледі [9, 499 б.].

Шағымды қарауды медициналық ұйым ішкі аудит қызметі деңгейінде медиация элементтерін қолдана отырып, сондай-ақ бейінді медициналық қауымдастықтарды тарта отырып жүзеге асыратын болады. Науқас шешіммен келіспеген жағдайда, шағым сараптамалық қорытынды беру үшін медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесіне берілетін болады. Оң нәтиже шығарылған жағдайда шағым бойынша материалдар, оның ішінде сот-медициналық сараптаманың қорытындысы медициналық ұйым сақтандырылған сақтандыру компаниясына жіберіледі.

Науқасқа келтірілген зиян үшін өтемақы төлеуді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі айқындаған жағдайлар бойынша сақтандыру компаниясы жүргізеді. Төлемнен бас тартқан және қанағаттанбаған жағдайда науқас сотқа жүгінуге құқылы болады.

### Нәтижелер

Мақалада зерттелген медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің енгізілуі еліміз үшін қажет деп санаймыз және оның қабылдануы келесідей нәтижелерге немесе медицина саласындағы мәселелердің шешілуіне қол жеткізуге мүмкіндік береуі тиіс:

- зиянды өтеу кепілдігін қамтамасыз етеді: келтірілген залал үшін өтемақы кепілдендірілген және төлем жүргізудің нақты механизмі қалыптасады;
- жанжалдарды шешудің құқықтық механизмі бір ретке келетін болады;
- келтірілген залал үшін өтемақының шекті көлемі бекітілетін болады;
- жалпы медициналық көмектің сапасының жақсаруына әсер етуі тиіс;
- қабылданып жатқан жүйе жауапкершілік құнын медицина қызметкері мен мекеме арасында тең бөлуді көздейді: бұл өз кезегінде тараптардың қызмет көрсету сапасына ортақ жауапкершілік пен мүдделілікке әкелуі түріндегі оң нәтижелер беруі тиіс;
- шағымдарды қарау процессіне қатысуы медициналық қауымдастықтар қызметінің жауапкершілігін жоғарылатып, рөлінің артуына әсер етуі тиіс;

- медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге көмегін тигізеді.

Әрине, аталған нәтижелерге сақтандыру жүйесі дұрыс енгізілген жағдайда қол жеткізуге болады, кедергілерді жою мен сақтандырудың жүзеге асырылуы, жауапкершілікті қамтамасыз етуіге байланысты заңнамалық базаның қабылдануы аса маңызды.

### Қорытынды

**Жоспар** бойынша 2023 жылдан басталып, ал 2025 жылдан бастап сақтандыру сыйақысының сомасын медициналық ұйым мен медицина қызметкері арасында бөлу-ді көздейтін, ортақ кәсіби жауапкершілікке әкелетін жүйенің енуі еліміздегі медицина саласында оң өзгерістерге әкелуі тиіс деген пікірдеміз. Жүйенің енгізілуі көрсетілетін

қызметтердің сапасын арттыруда, медициналық ұйымдарда жанжалдың төмендеуін қамтамасыз етуге тиімді құралға айналуы тиіс. Сондай-ақ, медициналық қызметтің сапасына медициналық қызметкермен қатар медициналық мекеме де жауапты болады, яғни сапалы қызмет көрсетуге екі тарап бірдей мүдделі деуге болады.

Қарастырылған шетелдік тәжірибелерге назар аудару маңызды болып табылады. Сақтандыру елімізде бастапқы кезде міндетті болуы оның жүйелі түрде енуіне көмегін тигізуі тиіс. Ал болашақта сақтандыруды ерікті етуге немесе Канадалық нұсқа түріндегі қауымдастықтар арқылы жүзеге асырылуына мүмкіндік беруді қарастыруға да болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Олжабаева К.Б. *Некоторые дефекты законодательства о труде медицинских и фармацевтических работников и пути их устранения // Научно-правовой журнал «Института законодательства и правовой информации». - №1 (68)-2022. - 138-146 с.*
2. Завражский А.В. *Анализ отечественного и зарубежного опыта страхования профессиональной ответственности медицинских работников // Журнал «Финансы и управление». № 1 – 2019. - 79 - 90 с.*
3. Шинкаренко И. Э. *Страхование ответственности: справочник. 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Анкил, 2006. – 342 с.*
4. Henry Johansson. *The Swedish system for compensation of patient injuries. // Upsala Journal of Medical Sciences. № 115 – 2010. - 88-90 p.*
5. Sabina Hellborg. *Liability for medical injuries in Sweden. // Journal du Droit de la Santé et de l'Assurance - Maladie (JDSAM). № 23 – 2019/2. - 72-76 p.*
6. Shoo K. Lee, Brian H. Rowe, Colleen M. Flood, Sukhy K. Mahl. *Canada's System of Liability Coverage in the Event of Medical Harm: Is It Time for No-Fault Reform? // Journal «Health Policy». № 17(1) - 2021. - 30–41 p.*
7. Orhan Tunc, Mithat Kiyak. *Private health insurance in Europe and Turkey. // Journal of Economics, Finance and Accounting. № 2 (3) – 2015. - 409–425 p.*
8. Veli Durmuş. *A broad overview of medical malpractice liability policy in Turkey. // International Journal of Tourism Management. № 2 (2) – 2017. - 3-18 p.*
9. Makpal Alchimbayeva, Tolebay Rakhypbekov, Gulmira Bazarova, Aigerim Baimagambetova, Oxana Tsigengagel. *Medical Liability, Defensive Medicine, and Introduction to Professional Insurance in the Republic of Kazakhstan. // Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences. № 10 (F) – 2022. - 495-500 p.*

## REFERENCES

1. Olzhabayeva K.B. *Nekotoryye defekty zakonodatel'stva o trude meditsinskikh i farmatsevticheskikh rabotnikov i puti ikh ustraneniya. // Nauchno-pravovoy zhurnal «Instituta zakonodatel'stva i pravovoy informatsii». - №1 (68)-2022. 138-146 s.*
2. Zavrazhskiy A.V. *Analiz otechestvennogo i zarubezhnogo opyta strakhovaniya professional'noy otvetstvennosti meditsinskikh rabotnikov. // Zhurnal «Finansy i upravleniye». № 1 – 2019. 79 - 90 s.*
3. Shinkarenko I. E. *Strakhovaniye otvetstvennosti: spravochnik. 2-ye izd., ispr. i dop. – Moskva: Ankil, 2006. – 342 s.*

4. Henry Johansson. *The Swedish system for compensation of patient injuries.* // *Upsala Journal of Medical Sciences.* № 115 – 2010. 88-90 p.

5. Sabina Hellborg. *Liability for medical injuries in Sweden.* // *Journal du Droit de la Santé et de l'Assurance - Maladie (JDSAM).* № 23 – 2019/2. 72-76 p.

6. Shoo K. Lee, Brian H. Rowe, Colleen M. Flood, Sukhy K. Mahl. *Canada's System of Liability Coverage in the Event of Medical Harm: Is It Time for No-Fault Reform?* // *Journal «Healthc Policy».* № 17(1) - 2021. 30–41 p.

7. Orhan Tunc, Mithat Kiyak. *Private health insurance in Europe and Turkey.* // *Journal of Economics, Finance and Accounting.* № 2 (3) – 2015. 409–425 p.

8. Veli Durmuş. *A broad overview of medical malpractice liability policy in Turkey.* // *International Journal of Tourism Management.* № 2 (2) – 2017. 3-18 p.

9. Makpal Alchimbayeva, Tolebay Rakhypbekov, Gulmira Bazarova, Aigerm Baimagambetova, Oxana Tsigengagel. *Medical Liability, Defensive Medicine, and Introduction to Professional Insurance in the Republic of Kazakhstan.* // *Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences.* № 10 (F) – 2022. 495-500 p.

